

Сәрсенбек Бекболат Нұрланұлының «8D05108 - Геоботаника» білім беру бағдарламасы бойынша « Қазақстандағы көпжылдық бидайдың экологиялық және биологиялық сипаттамаларын және оның биоалуантүрлілікті және топырақ құнарлылығын сақтауға әсерін бағалау» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшісінен

ШҚІР

Дүниежүзінде қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі - ғаламдық жылыну. Атмосферадағы көмірқышқыл газының шектен тыс артуы планетаның тұрақты жылынуына, экожүйелердің өзгеруіне және табиғи ресурстардың деградациясына әкелуде. Осыған байланысты, ауадағы артық CO_2 -ні топырақта ұзақ мерзімге секвестрациялау мақсатында көпжылдық дақылдарды ауыл шаруашылығы айналымына енгізудің маңызы артып отыр. Қазақстан жағдайында биоалуантүрлілікті сақтау, топырақ құнарлылығын арттыру және ауылшаруашылық ландшафттарының экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету - өзекті экологиялық мәселелердің қатарында. Соңғы жылдары егіншілікте көпжылдық дақылдарды пайдалану топырақ эрозиясын төмендету, агробиологуантүрлілікті көбейту және өнімділіктің құбылмалылығын азайту тұрғысынан маңызды тәсіл ретінде танылып отыр. Геоботаника ғылымы өсімдіктердің табиғи және агроэкожүйелердегі таралу заңдылықтарын, олардың экологиялық факторларға тәуелділігін және өсімдік қауымдастықтарының өзгеру динамикасын зерттейді. Сондықтан Қазақстанның әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарында көпжылдық бидайдың биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін зерттеу ерекше өзекті болып табылады. Мұндай зерттеу көпжылдық бидайдың жергілікті өсімдік қауымдастықтарымен өзара әрекеттесуін, топырақ құрылымына, органикалық заттардың жиналуына, микрофлораның дамуына және биоалуантүрліліктің сақталуына қосатын үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Сәрсенбек Бекболат жұмысты сауатты орындап, қойылған міндеттердің барлығын нәтижелі шешкен. Көпжылдық бидайдың өсімдік қауымдастығы және агроценозының флоралық құрамы анықталған. Көпжылдық бидайдың қауымдастығының флоралық құрамы 15 тұқымдасқа жіктелген 42 түрден тұратындығы анықталған.

Сәрсенбек Бекболат Нұрланұлы зерттеу бағытын және ғылыми тұжырымдаманы нақты айқындауға, негізгі мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қалыптастыруға белсенді қатысты. Тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру, алынған деректерді жүйелеу, өңдеу және талдау процесіне маңызды үлес қосты. Оның кәсіби біліктілігі мен белсенділігі зерттеу сапасын арттыруға және алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етуге үлкен ықпал етті.

Б.Н.Сәрсенбек Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де бакалавриат және магистратураны оқу кезеңінде алған жақсы теориялық дайындығының

